

Тұщықұдық селолық округінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Күшін жойған

Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селосы әкімі аппаратының 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 14 шешімі. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 сәуірде № 11-5-100 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селолық округі әкімі аппаратының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігі Тұщықұдық селолық округі әкімі аппаратының 16.05.2016 № 31 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 " Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Тұщықұдық селолық округі әкімі **шешім етті:**

1. Тұщықұдық селолық округінің құрамдас бөліктеріне төмендегідей атаулар берілсін:

1) № 8 көшенің шығыс бетінде орналасқан жаңадан салынған көшеге Иса Жанадиловтің атағы берілсін.

2) № 9 көшенің солтүстік шығысында орналасқан жаңадан салынған көшеге Томпиев Шаңытбайдың атағы берілсін.

3) № 10 көшенің оңтүстік батысында орналасқан жаңадан салынған көшеге Шотан Назарұлының атағы берілсін.

4) № 11 көшенің оңтүстік батысында орналасқан жаңадан салынған көшеге Жұмалиев Қалмырзаның атағы берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Село округінің әкімі	А.Қодаров
----------------------	-----------